

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

23 қазан 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2023/0010 ic

Талап қоюшы

«DOCUMENTOLOG GLOBAL LIMITED» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Жауапкер

«AUTOMATION TECHNOLOGY AND SOLUTIONS»
ЖШС-ына

қарсы

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:
Мәртебелі Том Монтагю-Смит КС

ШЕШІМ

1. Жауапкер 2023 жылғы 6 қараша, дүйсенбі, Астана уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін Талап қоюшыға 4 667 022,77 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуі тиіс.

БҰЙРЫҚ

1. Бұл Тараптар 2021 жылғы 8 маусымда жасасқан Шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы қойылған талап ("Шарт"). Шарттың талаптары бойынша Талап қоюшы Жауапкерге электрондық құжат айналымы және бизнес-процестерді автоматтандыру жүйесіне қолжетімділік берді. Кейіннен Жауапкер бұл қызметтерді өз клиенті - "Теңізшевройл" ЖШС-не берді. Талап қоюшының пікірінше, Жауапкер қызмет көрсетудің екінші жылына ақы төлемеген, нәтижесінде Талап қоюшы қызмет көрсетуді тоқтатқан. Талап қоюшы жүйе Жауапкерге және оның клиентіне қолжетімді болған кезеңге төленуі тиіс соманың бір бөлігін өтеуді талап етеді.

2. Мен куәгерлердің айғақтарына сілтеме жасағысы келетін кез-келген Тарап 2023 жылдың 28 шілдесіне дейін куәгерлердің айғақтарын беруін және табыстауын бұйырдым. Тараптардың ешқайсысы ешқандай куәгерлік айғақ берген жоқ. Тыңдау барысында Жауапкер өзінің директорларының бірі Ержан Нұртазин мырзаның куәгерлік айғақтарын ұсынуға рұқсат беруді өтінді.

Бұл кеш жасалғанына қарамастан, Талап қоюшы қарсы болмады, сондықтан мен өкілге Жауапкер өз куәгерін шақыра алатынын нұсқадым. Осы сәтте куәгер отырыстан шығып кетті де, қайтып оралмады. Жауапкердің өкілі біз онсыз жалғастыруымыз керектігін айтты. Нәтижесінде маған істі құжаттар мен ұсынылған материалдардың негізінде шешу ұсынылды.

3. Шарт қызмет көрсетудің белгілі бір талаптарымен - "Documentolog" электрондық құжат айналымы және бизнес-процестерді автоматтандыру ақпараттық жүйесінің ("ұсыну талаптары") қызметтерін ұсыну талаптарымен келісілді және 2021 жылдың 25 мамырынан бастап 2 жыл бойы қолданылуы тиіс болды.
4. Қызмет көрсету шарттарының 3.1-тармағына сәйкес, Жауапкер Шарт қолданыста болатын әрбір жыл үшін алдын ала төлем жасауға міндетті болды. 4.1.2-тармаққа сәйкес, әрбір күнтізбелік жыл үшін төленуге жататын жалпы сома 26 867 011 теңге құрады.
5. 4.8 Сервисті ұсыну талаптары тармағында мыналар көзделген (аудармада):

"Егер [Жауапкер] Жүйе қызметтері үшін ақыны осы Келісімде көрсетілген мерзім ішінде төлемесе... Жүйе қызметтері [Жауапкерге] ол Жүйе қызметтері үшін берешегін толық өтегенге дейін қолжетімді болмайды".

6. Жауапкер бірінші жыл үшін алдын-ала төлем жасаған. Талап қоюшы Жауапкерге екінші жыл үшін есепшот беріп, 2022 жылдың 15 шілдесіне дейін төлем жасауды талап еткен. Жауапкер төлем жасамаған. Нәтижесінде 2022 жылдың 31 шілдесінде Талап қоюшы қызмет көрсетуді тоқтатқан. Талап қоюшы Тараптар жүйеге қызмет көрсету үшін төленуі тиіс соманы Жауапкер тек пайдаланылған кезең үшін төлейтіндей етіп қайта есептеуге келісті деп мәлімдейді. Қорытындысында, Талап қоюшының айтуынша, Жауапкер "Теңізшевройл" ЖШС-нан төлем

алғанына қарамастан, Жауапкер төлем жасамаған.

7. Өзінің бастапқы қарсылығында Жауапкер сотта қаралуға тиістілікті даулаған. Мен бұл мәлімдемені қабылдамай тастадым. Істі мәні бойынша қарау кезінде Жауапкер *"талап арызды толық көлемінде мойындамайтынын"* және қарсы талаптар қоюға және куәгерлерді айғақ беру үшін шақыруға ниетті екенін мәлімдеді.
8. 2023 жылғы 10 шілдеде берілген басқа құжатта Жауапкер Талап қоюшы тікелей "Теңізшевройл" ЖШС-мен шарт жасасты деп мәлімдеді. Ол Шартты бұзу біржақты болғанын және оны Жауапкер қабылдамағанын мәлімдеді.
9. Бұған жауап ретінде Талап қоюшы мыныларды мәлімдеді:
 - a. Шарт Жауапкер шарттыңкелесі талаптарын орындамауына байланысты бұзылды:
 - i. Тиісті біліктілігі бар персонал жалдау; және
 - ii. өзінің соңғы пайдаланушыларымен жасасатын шарттарға Талап қоюшының авторлық құқығын қорғайтын ережелерді енгізу; және
 - b. Талап қоюшының "Теңізшевройл" ЖШС-мен шарты 2022 жылғы 15 желтоқсанда, қызмет көрсету тоқтатыла тұрғаннан кейін 4 айдан астам уақыт өткен соң жасалды.
10. Осы талап арыздың мақсаттары үшін менің бұл мәселелер бойынша қорытынды жасауымның қажеті жоқ.
11. Жауапкер Шартқа қол қойғанын мойындайды. Ол қызмет көрсетудің екінші жылын төлемегенін мойындайды, бірақ сонымен бірге оның клиентінің 2023 жылдың 26 мамыры мен 2023 жылдың 31 шілдесі аралығында жүйеге қолжетімділігі болған.
12. Төлемеудің нәтижесінде Талап қоюшы қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы болды — бұл Шартта тікелей көзделген және Жауапкер наразы бола алмайды.
13. Талап қоюшы төлемнің Жауапкер қызметті пайдаланған кезеңге жататын бөлігін ғана талап етеді. Ол жыл бойы көрсетілген қызметтің бүкіл сомасының төленуіне талаптана алатын еді. Талап арыз сомасының азаюы, оның айтуынша, Жауапкермен қол жеткізген келісімнің нәтижесі болуы мүмкін. Мүмкін, қызметтерді "Теңізшевройл" ЖШС-ына тікелей ұсыну арқылы олар өз шығындарын ішінара өтей алған болар. Себебі қандай болса да, қалай болғанда да, мәлімделген сома төленуі тиіс болған болып көрінеді.
14. Жауапкер оның пайдалану кезеңі үшін бірдеңе төлеуі тиістігімен келісе ме деген сұраққа Жауапкердің өкілі салыстыру жүргізу қажет деп жауап берді. Ол мәлімделген соманы растау үшін жеткілікті құжаттық дәлелдер ұсынылмағанын атап өтті.
15. Мен бұл мәлімдемені қабылдамаймын. Төлем жылдық төлемді пайдалану кезеңіне жай бөлу арқылы есептелген.

16. Жауапкер, сонымен қатар, Талап қоюшының түпкі пайдаланушы - "Теңізшевройл" ЖШС-мен "параллель" Шарттары болғандықтан кейбір қиындықтар бар деп санайды. Бұл олай емес. Ол Шартты бұзып, сосын "Теңізшевройл" ЖШС-мен жаңа шарт жасасқан. Қалай болғанда да, Жауапкердің Талап қоюшы алдындағы берешегі туындаған және ол Талап қоюшының түпкі пайдаланушымен жасқан кейінгі шартымен өтелуі мүмкін болған жоқ.
17. Жауапкер Талап қоюшы қызметтерге ақы алу үшін "Теңізшевройл" ЖШС-ына жүгінуі керек деп санайды. Алайда Талап қоюшының шарты тиісті кезеңде Жауапкермен жасалған. Қарыз жауапкерге тиесілі.
- Талап қоюшыға "Теңізшевройл" ЖШС да Жауапкердің қызметтеріне ақы төлегенін хабарлады. Солай екендігіне немесе олай еместігіне байланыссыз, бұл Жауапкердің Талап қоюшы алдында туындаған берешегі бар екенін жоққа шығармайды.
18. Сондай-ақ Талап қоюшы төлем мерзімінен кешіктірілгені үшін 222 239,18 теңге мөлшерінде соманы өндіріп алу туралы талап та мәлімдеді. 6.5.5-тармаққа сәйкес Жауапкер төлем кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ 5%-дан аспайтын айыппұл төлеуге міндетті болған. Кешіктірілген төлем 50 күннен аса уақытты құрады. Нәтижесінде 5% мөлшерінде айыппұл есептелді.
19. Баяндалған мән-жайларға байланысты Жауапкер Талап қоюшыға 4 667 022,77 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуге міндетті, атап айтқанда:
- a. Көрсетілген қызметтер үшін төлемге қатысты 4 444 783,59 теңге; және
 - b. Төлем кешіктірілгені үшін айыппұл ретінде 222 239,18 теңге.

Сот қабылдады,

Том Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан Аян Кабенова ханым өкілдік етті, "Documentolog Global Limited" жеке компаниясы, Астана, Қазақстан Республикасы.

Талап қоюшы атынан Денис Мишин мырза өкілдік етті, заңгер, Ақмола облысы Адвокаттар алқасы, Астана, Қазақстан Республикасы.